



## Құрметті студент!

2017 жылы «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B050700	«Менеджмент»	1. Экономикалық теория 2. Макроэкономика 3. Маркетинг 4. Менеджмент

- Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
  - Экономикалық теория
  - Макроэкономика
  - Маркетинг
  - Менеджмент
- Тестілеу уақыты – 180 минут.  
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
- Тандаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
- Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
- Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
- Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;  
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;  
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға  
**қатаң тиым салынады!**

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

## Экономикалық теория

1. Экономикалық теорияның пәні:

- A) Игіліктер мен қызметтерді иемденуге байланысты қалыптасқан қатынастарды анықтайды
- B) Экономикалық субъектілер арасындағы өзара қатынасты зерттейді
- C) Экономикалық дамудың принциптерін, экономикалық жүйенің қалыптасу механизмін талдауды зерттеу
- D) Адамдар арасындағы экономикалық қатынастар жүйесін зерттейді
- E) Ғылым ретінде экономикалық құбылыстардың стратегиясы мен тактикасын, экономикалық саясаттың негіздерін өңдейді

2. Өнеркәсіп революциясы мен ҒТІІ даму деңгейі бойынша индустриалды даму дәуіріне дейінгі жүйе:

- A) ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырған дәстүр мен салт бойынша қатынастар қалыптасады
- B) негізгі ресурс ретінде ақпарат саналады, экономиканың бастаушы саласы – материалдық емес сала
- C) ірі машиналық өндіріске дамыған тауар - ақша қатынастарына негізделеді
- D) ауыл шаруашылығы натуралдық шаруашылық және қол еңбегі басым орын алады
- E) натуралды шаруашылық еңбегі дәстүр бойынша жалғасып, жүргізіліп отырады

3. Барлық экономикалық жүйелерді қалыптастырудың негізгі мәселесі:

- A) Өндірісті ұлғайту
- B) Тауарлы шаруашылықты күшейту
- C) Тұтынушының ұсынысы
- D) Айырбас құны
- E) Қарым-қатынасы

4. Индустриалдық жүйе:

- A) Өндіріс факторларын дамытуда тауарлар шығаруға негізделеді
- B) Ауыл шаруашылығында натуралдық шаруашылық және қол еңбегі басым орын алады
- C) Ірі машиналық өндіріске дамыған тауар- ақша қатынастарына негізделеді
- D) Негізгі ресурс ретінде ақпарат саналады, экономиканың бастаушы саласы
- E) Мемлекеттің егемендігі және ұлттық экономиканы жүзеге асырады
- F) Мемлекет пен нарық механизмдерінің араласуы арқылы инновациялық технологияны жүзеге асыруға бағытталған

5. Қажеттілік ұғымының мәнін ашатын анықтамалар:

- A) Шаруашылық қызметтерді қозғаушы күштер
- B) Адамдардың шаруашылық істерін жүзеге асыратын мүмкіндіктері
- C) Экономикалық игіліктерді жасау процесі
- D) Қоғамдық өндірістің, қоғамның экономикалық механизмін реттейтін экономикалық прогресстің өзегі
- E) Тұлғалардың өмір сүруі үшін аса керек мұқтаждықтары
- F) Өмір сүруге қажетті ешнәрсемен алмастыруға болмайтын мұқтаждықтар
- G) Тауарлар мен қызметтерді өндіру процесіндегі табиғи, әлеуметтік және рухани күштердің жиынтығы
- H) Адамның мәдени, рухани мұқтаждықтары

6. Игіліктерді қолдануды кім және қалай қамтамасыз етуді шешу құқығы:

- A) Қауіпсіздік құқығы
- B) Қалдық сипатты құқық
- C) Егемендік құқығы
- D) Мұрагерлікке қалдыру құқығы
- E) Табысты алу құқығы
- F) Иелік ету құқығы

7. Тауардың қасиеттері:

- A) Еңбек құралы
- B) Ұлттық өнім, табыс, сауда
- C) Тұтыну құнына ие зат
- D) Өндірушінің өзі тұтынатын еңбек өнімі
- E) Ұлттық қаржы, қоғамдық табыс
- F) Табыс көзі

8. Салықтың атқаратын қызметтері:

- A) Делдалдық
- B) Қайта бөлу
- C) Фискальдық
- D) Сауықтыру
- E) Танымдық
- F) Тәжірибелік
- G) Баға белгілеу
- H) Реттеуші

9. Қазіргі таңдағы қоғамдық өндірістің маңызды мәселелері:

- A) қоғамдағы еңбек бөлінісі
- B) гуманизациялау мәселесі
- C) өндірістің тиімділігін арттыру
- D) рухани игіліктер ортасын реттеу
- E) жұмыс уақытын жоспарлау
- F) өндірістің экологиясын сауықтыру

10. Сұраныс:

- A) Белгілі уақыт аралығында бағасы анықталған тауарларды нарыққа сатуға ұсыну
- B) Сұраныс ақшалай қамтамасыз етілген тұтынушының қажеттілігі мен сұраныс төлем қабілеттілігі
- C) Өнімнің нақты бағасының тепе-теңдігі
- D) Сату мен сатып алу арасындағы тепе-теңдікті қалыптастыратын бағалар
- E) Тауарға баға төмендегенде тұтынушы оны көп мөлшерде сатып алуы
- F) Сатып алушылардың белгілі уақыт аралығында бағасы анықталған тауарларды сатып алу қабілеттілігі

11. Сұранымның бағадан тыс факторларына қатысты өзгеруі сипатталады:

- A) Сән үлгісіндегі тауарлармен
- B) Бәсекелес өндірушілердің тауарының бағасымен
- C) Нарықтағы сатушылар санымен
- D) Бірін бірі толықтыратын тауарлардың бағасы өзгергенде
- E) Тауар өндірісінің шығындар шамасымен
- F) Тұрғындар табысы жоғарылаған жағдайда
- G) Сапасыз тауарларды өндірушілер санымен
- H) Салықтар мен субсидиялар

12. Негізгі капитал:

- A) Бір өндіріс циклы аралығында ғана қолданылады
- B) Бірнеше өндірістік цикл аралығында қолданылады
- C) Бірнеше ұзақ жылдар бойы пайдаланылады
- D) Қарызға берілген капитал
- E) Кәсіпорынның басты қаражаттары
- F) Әрбір өндіріс циклы сайын өзгертіліп отырады
- G) Өндіріс процесінде өзінің натуралды-заттай түрі өзгеріп отырады

13. Банктік несие түрі:

- A) Тұтынушылық несие
- B) Кәсіпорын несиесі
- C) Тауарға төлемді қалдыру
- D) Халықаралық несие
- E) Коммерциялық несие

14. Өндіріс көлемінің өзгеруіне тәуелсіз бір қалыпты деңгейде төленетін тұрақты шығын:

- A) Қисығы өнім саны абциссасына перпендикуляр болады
- B) Шикізатқа, отынға, қуат көзіне, көлік қызметіне, еңбек ресурстарына жұмсалады
- C) Қисығы өнім саны абциссасына параллель болады
- D) Өнім шығарылмаған уақытта нөлге тең болады
- E) Бастапқы кезде өндіріс көлемінің ұлғаюымен қатар қарқынды ұлғайып отырады
- F) Өнім өндіру процесі басталмастан бұрын пайда болады

15. Өндіріс факторлар нарығы:

- A) Азық-түлік нарығы
- B) Игіліктер нарығы
- C) Тауарлар мен қызметтер нарығы
- D) Капитал нарығы
- E) Жер нарығы
- F) Автомобильдер нарығы
- G) Ақша нарығы
- H) Еңбек нарығы

16. Еңбек нарығы:

- A) Тауарлар мен қызметтерді ұсынатын нарық
- B) Капиталды тауар түрінде ұсынатын экономикалық қатынастар жүйесі
- C) Еңбек нарығындағы ұйымдар
- D) Жұмыс күшіне сұраныс және ұсынысты қамтамасыз етуші экономикалық қатынастар жүйесі
- E) Жұмыс күшін тауар ретінде сату - сатып алу туралы экономикалық қатынастардың жүйесі
- F) Автомобильдер нарығы
- G) Қор биржалары
- H) Ақшаны тауар ретінде сататын және сатып алатын экономикалық жүйе

17. Тұтыну бағаларының индексі:

- A) Қызметтер мен тауарлар жиынын есептейді
- B) Инвестицияға байланысты
- C) Жанама салықтарға байланысты
- D) Жинаққа байланысты
- E) Тұтыну шығындарына байланысты
- F) Қызметтер мен тауарлар «қоржынының» оташа бағаларының өзгеруін сипаттайды

18. AS қисығының классикалық нұсқасына сәйкес ұзақ мерзімдегі жалпы сұраныстың өзгеруі:

- A) Өнім көлеміне емес, баға деңгейіне әсер етеді
- B) Өнім көлеміне әсер етпейді
- C) Инфляция деңгейіне әсер етеді
- D) Баға деңгейіне әсер етеді
- E) Өнім көлемі мен баға деңгейіне әсер етеді
- F) Өнім көлемі мен баға деңгейіне әсер етпейді
- G) ЖҰӨ әсер етпейді

19. Экономикадағы циклдық ауытқуларды тудыратын сыртқы факторлар:

- A) Технологиялардың өзгеруі
- B) Ақша-несие саясаты
- C) Салық саясаты
- D) Инвестициялардың өзгеруі
- E) Саяси оқиғалар
- F) Тұтынудың өзгеруі
- G) Монетарлық саясат

20. Төменде көрсетілген бағыттар мен экономикалық мектептердің қайсысы ХХ ғасырда қалыптасты:

- A) Монетаризм
- B) Маржинализм
- C) Меркантилизм
- D) Кейнсиандық
- E) Физиократизм
- F) Классикалық мектеп

21. Өндіріс формалары:

- A) Постиндустриалдық өндіріс, бұнда қызметтер, ғылым, білім сфералары үстемдік етеді
- B) Салыстырмалы, есептелген, келісімді, болжамды, жоспарланған да түрлері бар
- C) Индустриалдыққа дейінгі өндіріс, бұнда ауыл шаруашылығы мен қол еңбегі үстемдік етеді
- D) Капиталды арттыру, орнықтыру
- E) Реттелген бағалар, бұлардың мөлшерін мемлекеттік органдар реттеп отырады

22. Кәсіпорын қорлары:

- A) Жалпы шығындар
- B) Адамдар бірлестігі
- C) Ақша қаражат жиынтығы
- D) Материалдық игіліктер өндіру
- E) Өнімді сатып алу

23. Жұмыс күшін жалдау кезіндегі қолданылатын тәсілдер:

- A) Қызметкердің ой өрісі
- B) Жұмыспен қамту орталығы арқылы кадрларды жалдау
- C) Жоғары және орта оқу орындарынан мамандарды тарту
- D) Жарнамалық хабарлау мен жаппай ақпараттық құралдар көмегімен кадрларды тарту
- E) Жұмысшының еңбекке қабілеттілігі
- F) Жұмысшының жұмсайтын еңбегінің сапасы, саны және біліктілігі
- G) Еңбек нарығын мемлекеттік реттеу

24. Лаффер қисығын суреттейді:

- A) Салық мөлшерінің минималды шамасында салықтық түсімнің жоғары болуын
- B) Салық мөлшері мен жеңілдіктер арасындағы тура байланысты
- C) Салық мөлшерінің максималды шамасында салықтық түсімнің төмен болуын
- D) Салықтық түсімдер мен салық мөлшерінің арасындағы байланысты
- E) Салық субъектісі мен салықтық жеңілдіктер арасындағы байланысты
- F) Салық көздері мен нысандарының арасындағы байланысты
- G) Салықтық түсімдер мен салық мөлшерінің арасындағы кері байланысты
- H) Салықтық түсімдер мен салық мөлшерінің арасындағы тура байланысты



25. Экономикада толық жұмысбастылықты қамтамасыз етуің экономикалық өсу шарты:

- A) Инвестицияның жоғары нормасы
- B) Қор жинақтау мен инвестицияның төмен нормасы
- C) Қор жинақтау мен инвестиция нормаларын төмендету
- D) Қор жинақтау мен инвестиция нормаларының өсулері
- E) Қор жинақтаудың жоғары нормасы және инвестицияның төмен нормасы
- F)  $s$  және  $i$ -дің жоғары нормасы
- G) Қор жинақтау мен инвестиция нормаларының жоғары нормасы

**Экономикалық теория  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

## Макроэкономика

1. Табыстар әдісі бойынша ЖІӨ есептеуде қолданылады:

- A) Жалпы жеке инвестициялар
- B) Тұтыну шығындары
- C) Капиталға пайыз
- D) Корпорациялар пайдасы
- E) Жалақы

2. Тұтыну бағаларының индексі:

- A) Теріс шама
- B) Әр жылға есептеледі
- C) Бағалар деңгейінен тәуелсіз
- D) Таза экспортқа тәуелді
- E) Пайыз мөлшеріне тәуелді

3. Атаулы ЖІӨ көлеміне әсер етеді:

- A) Тұтыну шығындары
- B) Бағалар индексінің 1-ден төмен болуы
- C) Тауарлар мен қызметтерді сатып алу мемлекеттік шығындары
- D) Экспорт
- E) Бағалар деңгейінің динамикасы
- F) Жалпы жеке инвестициялар
- G) Импорт

4. Макроэкономиканың зерттеу пәні:

- A) Фирма теориясы
- B) Нарықтық бағаны қалыптастыру механизмі
- C) Өндіріс факторлар нарығында салыстырмалы бағаларды белгілеу
- D) Тұтынушы іс әрекетінің теориясы
- E) Тұрақты экономикалық өсу жағдайын қамтамасыз ету
- F) Инфляция деңгейін төмендету

5. Ағымдарға кірмейді:

- A) Бір тоқсандағы ел экономикасындағы инвестиция
- B) Мемлекеттік бюджет
- C) Бір айдағы шетелден келген туристердің саны
- D) Мемлекет бюджетінің тапшылығы
- E) Ұлттық байлық

6. AS-тің бағадан тыс факторларына:

- A) Байлық салдары
- B) Ақша айналысының жылдамдығы
- C) Пайыз мөлшерлемесінің салдары
- D) Ақша ұсынысы
- E) Технологиядағы өзгерістер
- F) Фирмаларға салынған салықтар
- G) Бағалар деңгейі

7. Кәсіпкерлікке салық артқан сайын:

- A) AD да, AS та қысқарады
- B) AD көлемі өзгермейді
- C) AD қысқарады, AS өзгермейді
- D) AS тұрақты
- E) AS-ке әсер етпейді
- F) AD да, AS та өседі

8. Төлем балансының құрамдық бөлігі ағымдағы операция шотына жататындар:

- A) Қор жинау
- B) Шетел активіндегі өзгеріс
- C) Алтын қоры
- D) Инвестициядан таза табыс
- E) Валютаны тұрақтандыру
- F) Портфельдік инвестиция
- G) Тауар экспорты

9. Классикалық үлгіге сай:

- A) Жиынтық сұраныс деңгейін өндіріс көлемі айқындайды
- B) Экономикада инвестициялар мен жинақтарды әртүрлі факторлар айқындайды және пайыз мөлшерлемесінің өзгеруінен теңестіре алмайды
- C) Экономикадағы жұмыссыздық деңгейі табиғи деңгейіне сай келеді
- D) Жиынтық ұсыныс қисығы тік сызық, оңға-солға жылжи алмайды
- E) Экономика толық қуатпен, ресурстардың толық қамтылу жағдайында жұмыс істейді
- F) Жиынтық ұсыныс қисығы көлденең сызық, оңға-солға жылжи алмайды

10. Кейнстің қарапайым мультипликатор үлгісі көрсетеді:

- A) Табыс өсімінің мемлекеттік шығын өсіміне қатынасын
- B)  $\Delta Y / \Delta G$
- C) Инвестиция өсімінің жинақ өсіміне қатынасын
- D) Табыс өсімінің инвестиция өсіміне қатынасын
- E) Салық өсімінің жинақ өсіміне қатынасын
- F) Ақша массасы өсімінің, табыс өсіміне қатынасын
- G)  $1/1-b$

11. Жоспарланған шығындар:

- A) Тауар-материалдық қорларға жоспарланбаған инвестиция
- B) Нәлдік табыстағы шығындар
- C) Тауарлар мен қызметтерге жоспарланған үкіметтің, фирмалардың, үй шаруашылықтарының және сыртқы сектордың шығындарының сомасы
- D) Ұлттық табыс өзгерісіне байланысы бар шығындар
- E) Жоспарланбаған инвестицияларды алып тастағандағы нақты шығындар

12.  $C = 25 + 0,7(Y - T)$  тұтыну функциясының экономикалық түсінігі:

- A)  $C = 25,7$  және қолма-қол табыс өскен жағдайда өседі
- B) Қолдағы табыстың 70 % тұтынуға, ал 30 % қорға жиналады
- C) Қаражат қор жинақтау = 25, ал тұтыну - табыс 0,3-ке өскенде қысқарады
- D) Тұтыну = 0,2, ал қор жинақтау = 0,7
- E) Қолма-қол табыс өскенде қаражат қор жинақтау 0,3-ке өседі, ал тұтыну 0,7-ге азаяды
- F) Қолма-қол табыс өскенде қаражат қор жинақтау 0,3-ке кемиді, ал тұтыну 0,7-ге өседі

13. Тұтыну көлемі 500-ден 700 мың теңгеге дейін, қолда бар табыс 10000-нан 14 000 мың теңгеге дейін өзгерген кездегі тұтынудың шекті бейімділігі:

- A)  $200/4000$
- B)  $(700-500)/(14000-10000)$
- C) 0,05
- D)  $(14000-10000)/(700-500)$
- E) 0,5
- F) 20
- G) - 0,5

14. Тепе-теңдік пайыз мөлшерлемесі мен ақша массасының ауытқуы:

- A) Табыс деңгейінің өзгеруіне
- B) Банктік резерв нормасына
- C) Ақша ұсынысының өзгеруіне
- D) Қор жинағына
- E) Мемлекеттік сатып алу шығындарына
- F) Депозиттерге
- G) Тұтыну шығындары мультипликаторына

15. Ақша мультипликаторының мөлшері байланысты:

- A) ақша базасына
- B) сұраныс көлеміне
- C) өтімділікке
- D) міндетті емес резерв нормасына
- E) ақша массасының өзгеруіне
- F) ақша ұсынысының өзгерісіне

16. Графикте LM қисығынан жоғары жатқан нүктелерде:

- A) Ақшаға тапшылық байқалады
- B) Тауарлар мен қызметтерге сұраныс ұсыныстан артық
- C) Ұлттық табыс көлемі жоспарланған шығындардан кем
- D) Ақша нарығында артықшылық
- E) Тауарлы- материалдық қордың өсуі байқалады
- F) Ақшаға сұраныс оған ұсыныстан көп

17. IS қисығының солға жылжуының себептері:

- A) Мемлекеттік шығындардың азаюы
- B) Инвестициялық шығындардың өсуі
- C) Тұтынушы шығындарының өсуі
- D) Салықтардың көбеюі
- E) Жинақтардың азаюы
- F) Салықтардың азаюы

18. Экономикадағы сұраныс инфляциясына қатысы жоқ құбылыс:

- A) Салықтың азаюы
- B) Инвестициялық шығынның артуы
- C) Әскери шығынның артуы
- D) Еңбек өнімділігінің азаюы
- E) Энергияға шығындардың өсуі

19. Инфляция қарқынын төмендету шаралары:

- A) Дезинфляция
- B) Дефлятор
- C) Инвестиция
- D) Стагфляция
- E) Депрессия
- F) Девальвация
- G) Дефляция

20. Ласпейрес индексі

- A) Қатты қымбаттаған тауарларды арзанына ауыстырудың әсерін ескермейді
- B) Бағалардың жалпы деңгейін төмен түсіреді
- C) Әл-ауқат деңгейінің кемуін назарға алмайды
- D) ЖІӨ дефляторы
- E) Ағымдағы жыл қоржынына кіретін тауарлар жиыны құнының орташа өлшенген бағасы

21. Инфляция мен жұмыссыздық арасындағы өзара байланыс:

- A) Тура байланыс
- B) Лоренс қисығында көрсетілген байланыс
- C) Жұмыссыздық өседі, инфляция да өседі
- D) Филипс қисығында көрсетілген байланыс
- E) Тікелей байланыс
- F) Жұмыссыздық төмендейді, инфляция өседі
- G) Кері байланыс

22. Ағымдағы операциялар бойынша Қазақстан мемлекетінің балансында тапшылық болса:

- A) Фиксалдық саясат жүргізіледі
- B) Импортқа салық салынады
- C) Экспорт қаржыландырылады
- D) Импорт көлемі ұлғайтылады
- E) Ауыспалы валюта бағамы көтеріледі
- F) Тапшылық қаржыландырылады

23. Шағын ашық экономикаға қатысты пікірлері дұрыс:

- A) Таза экспорттың мөлшері ұлттық кіріске тәуелді
- B) Импорттың мөлшеріне тәуелді
- C) Ұлттық жинақ ақша инвестицияға тең болады
- D) Импорттың мөлшері импорттауға шекті бейімділікке тәуелді
- E) Жабық экономика шығысы мультипликатор мөлшеріне тең
- F) Сауда балансының сальдосы міндетті түрде нөлге тең
- G) Инвестициялар мөлшері әлемдік пайыз мөлшерлемесіне тәуелді
- H) Таза қызметтер мен таза ағымдағы трансферттер оң мөлшерді құрайды

24. Еркін айналым бағамының кемшілігі:

- A) Бағалар төмендейді
- B) Сауданың нашарлауы
- C) Белгісіздік
- D) Экспорт тұрақты
- E) Тұрақсыздық

25. Тұрғындардың өсуінсіз және технологиялық прогрессіз тұрақты жағдайда дұрыс тұжырымдама:

- A) Жұмыссыздық деңгейі төмендейді және инфляция жойылады
- B) Капиталмен қарулану етілуі неғұрлым жоғары болса, инвестиция көлемі соғұрлым жоғары болды
- C) Бір жұмысшының жинақтауы бір жұмысшыға шаққандағы капиталдың тозуына тең
- D) Экономикаға инвестиция тарту ұлғая түседі
- E) Бір жұмысшыға шаққандағы инвестиция бір жұмысшыға шаққандағы капиталдың тозуына тең

**Макроэкономика  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

## Маркетинг

1. Тұтынушылар тәртібіне әсер ететін мәдени факторлар:
  - A) Жанұя
  - B) Фирма
  - C) Әлеуметтік класс
  - D) Тауар
  - E) Қоғам
  
2. Нарықты сегменттеу қағидасы:
  - A) Тауарлық
  - B) Географиялық
  - C) Демографиялық
  - D) Коммерциялық
  - E) Психографиялық
  
3. Нарықты игеруде (қамтуда) қолданылатын стратегия:
  - A) дифференциалданбаған маркетинг
  - B) креативтік маркетинг
  - C) дифференциалданған маркетинг
  - D) демеуші маркетинг
  - E) халықаралық маркетинг
  - F) бейкоммерциялық маркетинг
  
4. Тұтыну тауарлары тұтыну әдісіне байланысты бөлінетін топтары:
  - A) оңтайлы сұраныстағы тауарлар
  - B) қызмет түріндегі тауарлар
  - C) күнделікті сұраныстағы тауарлар
  - D) үнемді, экономиялық тауарлар
  - E) алдын ала таңдап алынатын тауарлар
  - F) шикізат түріндегі тауарлар
  
5. Тауардың бәсекеге қабілеттілігі:
  - A) тауардың сандық сипаттамаларының жиынтығы
  - B) тауар кепілінің болуын қамтамасыз ету
  - C) құндық сипаттамасының жиынтығы
  - D) тауардың кешенділігі
  - E) тұтыну сипаттамасының жиынтығы



6. Тауар таңбасының элементері:

- A) көріністер
- B) дыбыстар
- C) сурет
- D) біріккен әріптер, цифрлар
- E) рәміз/символ

7. Халықаралық маркетингте ескерілетін басты мәдени факторлар:

- A) Елдің технологиясы
- B) Елдің мәдениеті
- C) Елдің саяси тұрақтылығы
- D) Елдің ұлттық ерекшелігі
- E) Елдің экономикалық деңгейі

8. Шетелде сатылатын өнімге баға тағайындауда ескерілетін фактор:

- A) Елдің білімі
- B) Елдің аумағы
- C) Елдің өркениеті
- D) Сұраныс деңгейі
- E) Елдің мәдениеті
- F) Бәсекелестер деңгейі
- G) Елдің діні, тілі

9. Демаркетингке байланысты маркетингтің міндеті мен мақсаты:

- A) тауар сапасын жақсарту
- B) ынталандыруды, сервисті азайту
- C) жарнаманы күшейту
- D) жаңа сату арнасын іздеп табу
- E) тауарға қолжетімділікті жеңілдету

10. Маркетинг тұжырымдамалары:

- A) экономикалық, өндірістік
- B) әлеуметтік, саяси
- C) маркетингтік, нарықтық
- D) тауарлық, нарықтық
- E) өткізу, маркетингтік
- F) саяси, өндірістік
- G) әлеуметтік-этикалық, өткізу

11. Шығу мерзіміне байланысты ақпараттың түрлері:

- A) кепілдемелік ақпарат
- B) айнаымалы ақпарат
- C) бастапқы ақпарат
- D) эпизодтық ауық-ауық ақпарат
- E) анықтамалық ақпарат
- F) тұрақты ақпарат

12. Ақпараттардың міндетіне байланысты түрлері:

- A) ауық-ауық
- B) анықтамалық, ұсынылуы
- C) нормативтік
- D) нарықтық, ішкі
- E) туынды, бастапқы
- F) тұрақты, айнаымалы

13. Географиялық қағида бойынша баға белгілеу:

- A) Аймақтық баға бекіту, яғни бағада өткізу қашықтығын ескеру
- B) Мемлекеттің баға бекітуі
- C) Өнім өндірілген жерде франко-вагон бағасын бекіту, мұнда тапсырушы тасымалдау шығындарын өзі төлейді
- D) Нарық ерекшелігіне байланыстырып баға бекіту
- E) Құрамына жеткізу шығындарын кіргізе отырып бірегей баға бекіту
- F) Тіректі өнімге байланыстырып баға бекіту

14. Тауарлық белгінің түрі:

- A) фирма әнұраны
- B) франшиза
- C) штрих код
- D) фирма белгісі
- E) тауар лицензиясы
- F) фирма символы

15. Коммуникацияны пайдаланудың негізгі мақсаты:

- A) тұтынушыларды үздіксіз зерттеп отыру
- B) тауарды ұтымды жылжыту
- C) тауар/қызмет өндірісін қамтамасыз ету
- D) тауарларды жылжыту мәселелерін дұрыс шешу
- E) аралық делдалдармен жұмыс істеу

16. Арналардың хабарды жеткізу түрі:

- A) Түсіндірме-насихаттаушы (сауда персоналының өкілдері)
- B) Радио коммуникация арналары
- C) Қоғамдық – тұрмыстық (достар, әріптестер, жанұя мүшелері, көршілер)
- D) Баспа коммуникация арналары
- E) Теле коммуникация арналары
- F) БАҚ
- G) Көлденең коммуникация арналары

17. Сатып өткізуді ынталандыру кезінде ерекшеліктер:

- A) сатып алушыға әлеуметтік көмектер көрсету
- B) сатып алуға шақыруларды көбейту
- C) сатып алуға тұтынушыларды талаптандыру
- D) қатаң түрде халықаралық стандартты қолдану
- E) бәсекелестердің сауда көлемін есепке алып отыруы
- F) бәсекелестермен салыстырмалы түрде жұмыс істеу
- G) сатып алушының жанұясымен жақын байланыста болу

18. Маркетингтік жоспарлардың ауқымы бойынша жіктемелік түрлері:

- A) бәсекелестердің іс-әрекетіне байланысты жоспарлар
- B) арнайы тауарлық маркетингке бөлінген шаруашылық жоспары
- C) тұтынушылардың бір тобына бағытталған жоспар
- D) тауардың өмірлік кезеңіне байланысты маркетингтік жоспар
- E) фирманың ішкі нарықтағы маркетингтік жоспары
- F) кәсіпорынның халықаралық нарықтағы маркетинг жоспары

19. И.Ансофф моделінің негізгі талдамалы құндылығы:

- A) Ұзақ мерзімді стратегия
- B) Өтімділікті сақтау немесе жоғарылату үшін төрт балама стратегияны қарастырады
- C) Ақша ағымының стратегиялық балансы бойынша түсініктеме бере алады
- D) Тәжірибеде тәуекелге бару дайындығына және қолда бар ресурстарына байланысты стратегия элементтерін қолдана алады
- E) Тауардың әрбір өмірлік циклінде стратегия тағайындауға болады
- F) Бизнестің сол немесе басқа түрін таңдау кезіндегі табысты қызмет ықтималдығын анықтау үшін қолданылады

20. Макроортаның саяси-құқықтық факторларының негізгі көрсеткіштері:
- A) шектес, бақылауға алынған салалардағы технологиялық өзгерістер қарқыны
  - B) сыртқы саясаттың нарықтың дамуына әсері, саяси тұрақтылық
  - C) ресурстарды тұтыну интенсивтілігіне жеке меншік ұйымның әсерлері
  - D) фирманың және оның бәсекелестерінің инновациялық әлуеті
  - E) технологиялық жаңартулардың қауіпсіздігіне қатал талаптар қойылуы
  - F) энергоресурстары мен шикізат көздерін пайдалану жағдайы мен болашағы
21. Консьюмеризмнің құрылымдық бағыттары:
- A) салыстырмалы түрдегі ақпараттарды талап етуі
  - B) тұтынушылардың құқығының кеңейуі
  - C) жарнаманың сапалы болуын қамтамасыз ету
  - D) тауардың жаңа түрін талап ету құқығы
  - E) фирма туралы мәліметтердің жеткізіліп отырылуы
22. Жаңа тауарды жоспарлаудың экономикалық талдау сатысындағы жұмыстар:
- A) баға жоспарланады
  - B) шығындар есептеледі
  - C) табыс жоспарланады
  - D) сұраныс болжанады
  - E) өткізу жоспарланады
  - F) сату көлемі жоспарланады
  - G) пайда есептеледі
23. «Орта шығындарға пайданы қосу» әдісінің сипаттамалары:
- A) пайданы жоспарлау негізінде шығындар анықталады
  - B) тұтынушылар сұранысы мен бәсекелестердің есепке алынбауы
  - C) тұтынушының сұранысы есепке алынады
  - D) шығынға қосылатын пайданың дифференциалдану мүмкіндігі
  - E) бәсекелестердің ерекшелігі бірінші орынға қойылады
  - F) статистикалық жолмен шығындар анықталады
  - G) тауардың өзіндік құнына пайданы қосу
24. Маркетингтік жоспарлар белгілеріне байланысты жіктеледі:
- A) зерттеу әдісі бойынша
  - B) ауқымы бойынша
  - C) жүргізу құралы бойынша
  - D) жасалу жылдамдығы бойынша
  - E) берілу нысаны бойынша
  - F) мерзім ұзақтығы бойынша
  - G) қатысушылары бойынша

25. Бейкоммерциялық маркетинг қолданыста болады:
- A) мемлекеттік шараларды ұйымдастыру кезінде
  - B) мақсатты аудиториямен қарым-қатынасты құру кезінде
  - C) өзінің позициясын (орналасуын) құру кезінде
  - D) аралық делдалдар арасында қолданылады
  - E) спорттық шараларды ұйымдастыру кезінде
  - F) тауарды сатып өткізу және жарнамалау кезінде
  - G) өзінің беделін жоғарылату (өзгерту) мақсатында

**Маркетинг  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

## Менеджмент

1. Координация (үйлестіру):

- A) Болжамдау
- B) Тиімділік
- C) Сәйкестік
- D) Ұйғару
- E) Байланыс

2. Мәлімет алудың кезеңдері:

- A) Жөнелтушіге беру
- B) Алушыны іздеу
- C) Идеяны жөнелтушіге табыстау
- D) Символдарды таңдау
- E) Кодтау және канал таңдау
- F) Идеяның пайда болуы

3. Перспективалық шешімге жатады:

- A) Кәсіпорынды дамытудың мәдени жоспарлары
- B) Ірі мал шаруашылық кешендерін салу
- C) Жеке адамдардың келісімінсіз шығарылған шешім
- D) Ұжымның келісімінсіз шығарылған шешім
- E) Бағдарланбаған шешім
- F) Кәсіпорынды дамытудың әлеуметтік жоспарлары
- G) Басшының өзі ешбір талқылаусыз шығарған шешімі

4. Ұзақ мерзімдік жоспарлау объектілері:

- A) Еңбек жоспары
- B) Өндіріс қуаттары
- C) Табыс жоспары
- D) Өндірістік жоспар
- E) Ұйымдық құрылым

5. Екінші қажеттілікке жататындар:

- A) Жыныстық қарым-қатынас
- B) Билік ету
- C) Су
- D) Ауа жұту
- E) Өзін құрметтеу
- F) Тамақ
- G) Ұйықтау

6. Мотивацияның іс жүргізу теориясына кіретін теориялар:

- A) Талаптану теориясы
- B) Мотивация моделі
- C) Әділдік теориясы
- D) Қажеттілік пирамидасы
- E) Үміттену теориясы

7. Дау -жанжал:

- A) Дауласу
- B) Өндіріс жағдайларда технологиялық ахуалдың дұрыс жолға қойылмауы
- C) Мәмлеге келе алмау
- D) Екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы пікір қайшылығы
- E) Еңбек жағдайының нашарлығы, міндеттердің айқын белгіленбеуі

8. Топаралық жанжалдың себептері:

- A) ұйымда ресми және биресми топтардың болуы
- B) адамдардың құндылықтарының әртүрлілігі
- C) адамдардың білім деңгейлерінің әртүрлілігі
- D) адамдардың көзқарастарының әртүрлілігі
- E) адамдардың қажеттіліктерінің әртүрлілігі
- F) сызықтық және штабтық персоналдардың әртүрлі көзқарастары
- G) басшылардың шектеулі ресурстарға деген күресі

9. Ғылыми менеджмент мектебінің өкілдері:

- A) Г.Эмерсон (1853-1931)
- B) А.Файоль (1841-1925)
- C) М. Вебер (1864-1920)
- D) Э.Мэйо (1880-1949)
- E) Г.Форд (1863-1947)
- F) Ф.Гилберт (1868-1919)

10. "Жеті жарғы" заң жинақтарында мемлекетті басқару жөніндегі өз пікірлерін мазмұндаған қазақтың көрнекті өкілдері:

- A) Кенесары хан (1802-1847)
- B) Әбілхайыр хан (1693-1748)
- C) Төле би (1663-1756)
- D) Қазыбек би (1667-1763) және Айтеке би (1682-1766)
- E) Айтеке би (1682-1766) мен Абылай хан (1711-1781)
- F) Тәуке хан (1680-1715)

11. Адамдық қатынастар мектебінің өкілдері:

- A) Ф.Герцберг
- B) Л.Урвик
- C) Р.Блейк
- D) К.Арджерис
- E) М.Фоллет
- F) Э.Мэйо
- G) А.Файоль

12. В.Зигерт пен Л.Лангтың атап көрсеткен наразылық туғызатын қателері:

- A) Қызметкерлерге қолайлы ойластырылған стандарттарды белгіле
- B) Екі жақты қарым-қатынасты белгіле
- C) Стандартқа жеткені үшін мадақта
- D) Жасырын бақылау реніш тудырады
- E) Бақылау қақтығыспен шешілмеуі тиіс
- F) Өз қорытындынды іште сақтама

13. Энтони бойынша басқару ісінің категориялары:

- A) Күнделікті бақылау
- B) Өзін-өзі бақылау
- C) Жедел бақылау
- D) Басқару бақылауы
- E) Алдын ала бақылау
- F) Стратегиялық жоспарлау

14. Топқа кірудің басты себептері:

- A) Мүдделілік, пайдаға жетудің жолдарын жеке іздестіру
- B) Топтық нормасы, ондағы мүшелердің қызметтік рөлі
- C) Өзара жәрдемдесу, тығыз қарым-қатынас
- D) Құрамында болу сезімі
- E) Мөлшері, құрамы
- F) Топтасқандағы келіспеушілік
- G) Діни нанымдар мен әдет-ғұрыптар

15. Басшының мақсаты:

- A) Басқалардың өзіне бекітілген жұмысты орындауына ықпал ету
- B) Қызметтің бірыңғай тұтас интеграциялануы
- C) Өкілеттілікке қоса, билігінің болуы
- D) Мәжбүрлік ету
- E) Мамандандырылған қызметтің бірыңғай тұтас синтезделуі
- F) Бұйрық беру арқылы нәтижеге жету



16. Творчестволық (шығармашылық) ықпалдың сипаты:

- A) Ой-өрісін дамытуға тырысу
- B) Шығындарды азайтуға күш салу
- C) Жазалаудан қауіптену
- D) Көтермелеу әдісін қолдану
- E) Жаңа проблемаларды шешуге ұмтылу

17. Басқару тәсілі:

- A) Басқару процесінде қолданылатын тәсілдер, амалдар
- B) Шешім қабылдау
- C) Жұмыскерлер мен еңбек ұжымына ықпал ету
- D) Басқару ісін жүзеге асырудың жиынтық тәсілдері
- E) Тиімді басқару жолдарын іздестіру

18. Биліктің негізі формалары:

- A) шешім қабылдауға негізделген билік
- B) заңды билік
- C) коммуникацияға негізделген билік
- D) көмек көрсетуге негізделген билік
- E) қайшылыққа негізделген билік
- F) ақпараттық билік

19. Жеке билік – бағынушылар жағынан билік иесіне:

- A) сенім арту, жақсы қарым-қатынас орнату
- B) билік көрсету
- C) сенімсіздік білдіру
- D) жағыну
- E) әсер ету
- F) жанжал көрсету

20. Шешім қабылдау мақсатында мәлімет жинау үшін қолданылатын тәсілдер:

- A) Жекелей бақылау жүргізіледі
- B) Индуктивтік және дедуктивтік қорытындылау жасалынады
- C) Сапалы мәліметтерді зерттеу үшін логикалық амалдар қолданылады
- D) Ең қолайлы шешімді таңдап алу
- E) Әртүрлі дәлелдеу тәсілдері қолданылады
- F) Тиімді нұсқаларды таңдап алу

21. Пайданы жоспарлаудың неғұрлым кең тараған тәсілдері:
- A) Капиталға қажеттілікті анықтау
  - B) Деректерді талдау
  - C) Күрделі қаржы жоспары
  - D) Шығын деңгейін талдау
  - E) Тиімділік лимитін талдау
22. Жарнама шараларының жоспарына жататыны:
- A) Жарнама науқандарын өткізу
  - B) Жарнама қаржыларын бағалау
  - C) Бәсекелестер қабылдаған шараларды ескеру
  - D) Бәсекелестер жұмсаған қаржыны анықтау
  - E) Жарнаманың тікелей тиімділігін дәл анықтау
23. Ұйымдардың органикалық түрлерінің сипаттамасы:
- A) мақсаттар мен міндеттер белгілі
  - B) міндеттер қарапайым және анық
  - C) бар билік мойындалады
  - D) кадрларды таңдау критерийлері субъективті
  - E) сыйақы беру жүйесі субъективті
  - F) еңбекақы ынталандырады
  - G) қарым-қатынас формальды емес және жеке сипатта
24. Ұйымдардың механистикалық түрлерінің сипаттамалары:
- A) қажетті жұмыскердің болуы
  - B) әр жұмыскердің өз рөлін білуі
  - C) ресми қарым-қатынас
  - D) басқару субъектісінің ішіндегі байланыстарды ұйымдастыру
  - E) басқару жүйесін ұйымдастыру
  - F) кадрларды таңдау критерийлері объективті
  - G) сыйақы жүйесі объективті
25. Топтық пікірлестік:
- A) Жоспарлау және ұжымдық еңбек
  - B) Діни нанымдар мен әдет-ғұрыптар негізі бойынша
  - C) Жеке адамдардың көз қарасы
  - D) Ұйымның мақтаныш сезімі, мақсатқа жету, табыстылық
  - E) Топ бірлігін, ұйымшылдығын, ауызбіршілігін жақтауы
  - F) "Келіспеушілікке жол бермеу керек" деп есептеу
  - G) Мәселелердің күделенуінен

**Менеджмент  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**